

Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 236/18 қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі N 198/14 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 21 қазанда N 3172 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 21 қазандағы N 369/12 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 21.10.2013 N 369/12 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 236/18 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тізілімінде N 3154 болып тіркелген, 2010 жылғы 4 ақпандағы N 12 "Сарыарқа самалы", 2010 жылғы 4 ақпандағы N 12 "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғары оқу орындары жанындағы қабылдау комиссиялары (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерінде белгіленген бірыңғай ұлттық тестілеу кезінде ақылы оқытуға қабылдау үшін қажетті ұпай санын жинаған және мемлекеттік грантты немесе кредитті ала алмаған талапкерлердің тізімін тиісті жылдың 10 тамызына дейін облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсынсын."

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә. Қ.

Ғ а л ы м о в а ғ а

ж ү к т е л с і н " ;

Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне көрсетілген қаулымен бекітілген жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі нұсқаулықтың 9-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жоғары оқу орындары әлеуметтік көмек алушының мекенжайы бойынша орналасқан жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін тиісті бұйрықтың шығарылуына дейін студенттің оқудан шығарылуы туралы 30 күн б ұ р ы н х а б а р д а р е т е д і . "

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Сағынтаев*